

Әдістемелік нұсқаулық дипломдық жұмыстың түсіндірме жазбасын рәсімдеуге қойылатын талаптарды қамтиды және 07110500 «Мұнай мен газды өңдеу технологиясы» мамандығының студенттеріне арналған арналған

Әдістемелік нұсқаулар «Дизайн және технология» бөлімінің отырысында расталады

Хаттама № 1 « 29 » 08 2024 ж.

Дизайн және технология бөлімінің меңгерушісі Сейдахметова С.Ж.Сейдахметова

Әдістемелік нұсқаулар «Дизайн және технология» бөлімінің отырысында расталады

Хаттама № 1 « 29 » 08 2024 ж.

ЦӘК жетекшісі Мусаева Мусаева А.Ж.

Әзірлеуші Алимбекова Алимбекова Г.К.

Мазмұны

КІРІСПЕ.....	3
.....	
1 Дипломдық жұмысқа қойылатын талаптар, маңызы және мақсаттары	4
1.1 Дипломдық жұмысқа қойылатын талаптар.....	5
2 Дипломдық жұмыстың талдау..... тақырыбын	6
3 Дипломдық жұмысты рәсімдеу.....	7
4 Дипломдық жұмыстың беттерін номерлеу.....	9
5 Дипломдық жұмысты орындау.....	10
5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімін көрсету, мәтіндерге сілтеме жасау.....	11

КІРІСПЕ

Дипломдық жұмыс өздігінен жүргізілген зерттеуді білдіреді, студенттер материалды өз көзқарасымен мазмұндауда және қаралып отырған зерттеу объектісін жетілдіру жөнінде ұсыныс енгізуде ілімділік қабілеттерін барынша толық ашады.

Мұнай газ ісі кәсіби қызметінің объектілері - әртүрлі бағыттағы жұмыстар. 07110500 «Мұнай мен газды өңдеу технологиясы» күндізгі бағыты бойынша колледж студенттеріне арналған дипломдық жұмысты жүзеге асыру бойынша нұсқаулық.

Дипломдық жұмыс орындаудың мынадай мақсаттары бар: модуль бойынша алынған ілімділік білімді жүйелеу және бекіту, ілімділік жағдайларды қорытындылай және бағалай білуді дамыту, зерттеу модуліне өзіндік қырын қалыптастыру, студенттің жүргізілген зерттеуде дипломдық жұмыс тақырыбы бойынша нақты ұсыныстар әзірлеуге қызықтыру, оның тәжірибелік жұмысқа дайындық деңгейін анықтау, дипломдық жұмыс ілімділік және тәжірибелік бағыты болуы тиіс, жұмыс барысында студенттердің ғылыми-зерттеу жұмыстарын дербес жүзеге асырылуы тиіс.

Дипломдық жұмысқа мынадай негізгі талаптар қойылады: тақырыптың өзектілігін оның ілімділік және тәжірибелік мәнін негіздеу, зерттелетін тақырыптың ілімдік және тәжірибелік аспектілерін толық ашу, зерттеу нәтижелерінің қысқаша, негізделген қорытындысы.

1. Дипломдық жұмысқа қойылатын талаптар, маңызы және мақсаттары

Дипломдық жұмысты орындау тәртібі

1 кезең-анықтаушы:

- Дизайн және технология бөлімінің отырысында диплом жұмысының тақырыбы бекітілсін;
- Дипломдық жұмыстың жоспары мен кестесін анықтау;
- Дипломдық жұмыс жетекшісімен бекіту;
- Жұмыстың құрылымы мен әрбір бөлімінің мазмұнын анықтау;
- Жоба тақырыбы немесе зерттеу мәселесі бойынша әдебиеттер мен интернет көздерін талдау;
- Дипломдық жұмыстың нәтижесі, оның жаңалығы және практикалық маңыздылығы туралы болжам жасау;
- Дипломдық жұмыстарды орындау барысында студент ғылыми жұмыс жүргізеді, ол жобалау объектілерінің үлгісі бойынша теориялық және практикалық материалдарды талдау нәтижелерін жасау;

2 кезең-негізгі

- Таңдалған дипломдық жұмыс тақырыбының өзектілігі мен маңыздылығын негіздеу;
- Жобалау алдындағы зерттеу мен талдау нәтижесінде алынған материалдарды қорытындылау, қорытындыларды логикалық негіздеу;
- Тәжірибелік бөлімде қондырғылардың құрылымын, зерттеу әдістерін анықтау, эксперимент нәтижелерін талдау;
- Жобалық әзірлемелерді орындау, нәтижелерді қорытындылау, қорытындыларды логикалық негіздеу;
- Дипломдық жұмыстың презентация материалдарын дайындау;

3 кезең-қорытындылау

- Дипломдық жұмысты рецензентке және ғылыми жетекшіге пікір жазуға ұсыну;
- Рецензия танысу;
- Рецензиядағы ескертулерге сәйкес қажетті өзгерістеренгізу немесе ескертулерге дәлелді жауаптар дайындау;
- Диплом жұмысын қорғау үшін жоспар құру;
- Диплом жұмысын қорғау үшін қорғау мәтінін дайындау;

- Аттестациялық комиссия төрағасының, директордың және мүшелерінің ескертулеріне жауап беру;
- Осылайша, дипломдық жұмысты аяқтау процесі өзара бірқатар кезеңдерді қамтиды:

Дипломдық жұмысқа келесі талаптар қойылады:

Дипломдық жұмысқа келесі талаптар қойылады:

1. Дипломдық жұмысты өз бетімен жазылуға тиіс.
2. Тақырыптың презентациясы нақты деректермен, салыстырулармен, беделді пікірлерімен және пайдаланылған көздерге сілтемелермен қамтамасыз етілуі керек.
3. Тәуелсіз шығармашылық идеяның негізінде курстық жұмыс мәтіндік формаға теориялық бөлікті (ақпарат жинауды, жүйелеуді, тандап алынған тақырып бойынша мәселені талдауды) және оқу модулі ретінде демо-версия түрінде практикалық бөлімді қамтуы тиіс.

Дипломдық жұмыстың құрылымдық элементтеріне мыналар жатады:

мұқаба (сыртқы беті)

- дипломдық жұмыс орындалған ұйымның атауы;
- жұмыстың түрі – дипломдық жұмыс
- мамандығының атауы және цифрі;
- дипломдық жұмыстың тақырыбы;
- студенттің тегі және инициалдары;
- жетекшінің тегі және инициалдары;
- оқып жатқан топтың аталуы;
- дипломдық жұмысты тапсырған уақыты;
- қала, жыл

Дайындау негізі:

Техникалық тапсырма бөлімінде студенттер ғылыми жетекшінің қолдауымен тақырып тандап, жобаларының келесі қырларын зерттейді: дайындау негізі – дипломдық жұмыс тақырыпқа сәйкес ақпарат дайындау негізін тандап, соған сүйене отырып дайындап жатқан заттарды өмірде пайдалану ортасын көрсетеді. Тақырыпқа байланысты құрал-жабдықтарды даярлау. Құрал-жабдыққа қойылатын талаптар мен қауіпсіздік ережелерін сақтай отырып орындау.

2. Дипломдық жұмыстың тақырыбын талдау

Дипломдық жұмыстың тақырыбын оқушы Директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары және ПЦК бекіткен тақырыптардың тізімінен тандайды.

Студентке дипломдық жұмыстың тақырыбын өзі тандау құқығы берілген. Алайда бір тақырыпты бір топтың 2-3 студенті тандауға болмайды. Директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары және ПЦК мен келісіп оқушы берілген тізімде көрсетілмеген тақырыпты да жасақтауға мүмкіндігі бар немесе тандаған тақырыбының атын өзгерте алады. Дипломдық жұмыстың тақырыбын тандаған кезде оқушы ең алдымен мұнай саласына байланысты мәселелерімен міндеттердің маңыздылығы жағынан қарайды.

Оқушы өзінің мұнай саласындағы білімін кеңейту үшін оқу процесінде дұрыс зерттелмеген тақырыпты да тандай алады. Ондай жағдайда дипломдық жұмыстың сол тақырыбын тандау негізделуі қажет.

Сырттай оқитын студенттерге тақырыпты тандағанда дипломдық жұмыста өздері жұмыс жасайтын өндірістегі материалдарын пайдалану мүмкіндігін көрсету керек.

Әр оқушы үшін дипломдық жұмыстың тақырыптары директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары және ПЦК мен бекітіледі. Сол кезде ПЦК дипломдық жұмыстың ғылыми жетекшісі тағайындалады және жұмысты орындаудың мерзімін келесі сатылар бойынша бекітеді:

1. Дипломдық жұмыстың жоспарын жасау және оны жетекшімен келісу;
2. Әдебиеттерді қарау;
3. Тәжірибелік материал жинау және өңдеу;
4. Орындалған жұмысты жазу;
5. Дипломдық жұмысты қорғау және оқу бөліміне архивке тапсыру;

Жоспардың рөлі - ол жұмыстың негізгі бағыттарын, зерттеу логикасы, қаралатын мәселелерді және тақырыптың мазмұнын ашуды анықтайды. Дипломдық жұмыстың жоспарын жасау барысында оқушы жұмыс жетекшісімен кеңеседі, ал нұсқаудың бірінші жұмысын жасағаннан кейін онымен ақылдасады. Дипломдық жұмыстың жоспарын жұмыс жетекшісімен ақылдасу студент жұмыстың барысынан, оның әдебиеттермен танысу деңгейінен, талқылау барысынан, шығармашылық тұрғыдан мәселе қойып білу деңгейіннен хабардар болуға мүмкіндік береді.

Жұмыс жетекшісі жұмыстың жоспарын тексеріп жөндейді, яғни студенттің жұмысын өзі бағыттайды, жұмысқа бағыт пен нақтылық береді.

Бұл жоспардан басқа студент өзі үшін жұмыс жоспарын жасап алуы жөн, онда дипломдық жұмысқа көрсетілуі қажет мәселелер тереңірек және дәлірек көрсетіледі.

Дипломдық жұмыстың жоспары жұмыстың мазмұнын айқындайтын бірнеше мәселелерден құралуы керек. Жоспарды жасақтағанда ең алдымен

дипломдық жұмыс тарауларының ішінде шешімді болып табылатын негізі мәселелер бөлініп көрсетіледі. Одан кейін теориялық және технологиялық бөлімдердегі сұрақтары реті анықталады.

Дипломдық жұмыс барысында жоспар өзгертілуі және толықтырылуы мүмкін, ал жұмыс аяқталғаннан кейін ол мазмұнға айналып, әр сұрақ бетінің нөмірлері көрсетілген жұмыс текстінің алдына қойылады.

Тақырыбына байланысты дипломдық жұмыстың жоспары қарапайым және күрделі болады. Қарапайым жоспар кіріспе, теориялық бөлімнің сұрақтарынан және қорытындыдан тұрады. Күрделі жоспар кіріспе, технологиялық бөлімнің сұрақтарынан және қорытындыдан тұрады. Мысалға, жұмыстың жоспарының мысалы болып «Газ сақтау қоймаларын пайдалану» тақырыбының жоспары болады:

Кіріспе

I. Теориялық бөлім

1.1 Газгольдерлер туралы жалпы түсінік

1.2 Төменгі қысымдағы газгольдерлер, Ылғалды газгольдерлер. Олардың құрылысы. Құрал - жабдығы

1.3 Гидравликалық тығынның құрылысы

II. Эксперименттік бөлім

2.1 Жоғарғы қысымды газгольдерлер

2.2 Поршень типті құрғақ газгольдерлер

2.3 Төменгі газгольдерді салуға қолданылатын материалдар

2.4 Газгольдерді пайдалану

2.5 Газгольдер тіректері мен жабдықтары

III Есептік бөлім

3.1 Ылғал газгольдерлердің механикалық есебі

IV. Қоршаған орта қорғау және техника қауіпсіздігі

Қорытынды

Қолданылған әдебиеттер тізімі.

3. Дипломдық жұмысты рәсімдеу

Бағдарламаны қамту құжаттарының мазмұны мен безендірілуі Мемлекеттік үлгі қалып «Бағдарламаны құжаттаудың біріңғай жүйесі» талабымен орындалады.

WINDOWS қосымшасының мынадай әріптермен теріп жазуға болады:

1) белгі салу әріптерімен: Times New Roman, Kz Times New Roman, кегель - 14, жол аралығы-бір (одинарный);

2) кескінделген әріптермен: Теріп жазу кезінде парақ айналасындағы қалдырылатын өрістер: жоғарғы жағы – 20 мм, оң жақтан – 10 мм, төменгі

жағынан – 25 мм, сол жақтан – 30 мм. Сондықтан да дұрыс теріліп жазылатын парақтар мәтіні 20-25 беттен болуы керек.

Дипломдық жұмыстың безендірілуі мен мазмұны тығыз байланыста болуы қажет. Сонымен жобаның технологиялық бөлімі жетекші құрастырған тапсырмадан жобалауға көшу тарауларынан тұрады.

Тараулар келесі тапсырмалардан тұрады: тақырыптың атауы және зерттеменің қолдану аясы, зерттеменің негізі, суреттер немесе суретке қолданылатын өнімге қойылатын талаптар, техникалық – экономикалық көрсеткіштер, зерттеменің кезеңдері, бақылау мен қабылдаудың тәртібі, қосымшалар.

Әрбір тарауды жаңа беттен бастау керек. Тақырыптар мен тақырыпшалардың мәтінін, жеткілікті орын болған жағдайда аяқталмаған бос беттің бөлігіне жазуға болады. Тараудың, тақырыптар мен тақырыпшалардың атаулары арасындағы арақашықтық мәтіннен бір жолға шегінуді құрауы тиіс; алдындағы тармақ мәтіннің соңы мен келесі тармақ атауы арасындағы арақашықтық мәтіннен екі жолға шегінуді құрауы керек.

Дипломдық жұмысты орындау кезінде бүкіл мәтін бойынша біркелкі тығыздық пен бейнелердің анық көріну талабын сақтау қажет.

Дипломдық жұмыстың көлемі 25-35 бет компьютерлік текст көлемінде орындалуы керек. Жұмыстағы материалды келесі ретте орналастыру ұсынылады:

- сыртқы беті;
- жоспар-мазмұны;
- дипломдық жұмысты текстілік баяндау;
- әдебиеттер тізімі;
- жобада пайдаланылған тәжірибелік материал

Дипломдық жұмыс А-4 (210x297 мм) форматтағы ақ қағазда орындалады.

Жұмыс тексті бетінің бір жағында жазылады. Жобаның әр беті келесі жиектерді сақтап рәсімделеді: сол жағы - 30 мм кем емес; жоғарғы жағы -20 мм; оң жағы - 10мм; төменгі жағы -20 мм кем емес.

Бөлімдер мен тарауларды жаңа беттен бастап жазу керек және атын кәдімгі жиектен беттің жоғарғы жағынан 2-3 см асырып жазады және ірілеу шрифтімен, астын сызып көрсету керек. Текст тақырыбы мен текст арасынан бір жол таза қалдырылады. Жаңа тақырыптың алдыңғысы біткен бетте жаза беруге болады, егер де атынан басқа тексттің бірнеше жолы сыйған жағдайда ғана. Сандық мәліметтер топталып, жүйеленіп кестелер мен графиктер түрінде жазылады.

Кестелер мен графиктерді дұрыс рәсімдеудің маңызы да зор. Текстте графиктер мен басқа сызбалар төменгі жағында нөмірі мен аты бар «сызба» деген сөзбен көрсетіледі, мысалы: «сызба 1. Газгольдердің құрылысы» Сандық материал көлемі курстық жұмыстың мазмұнына сәйкес болуы керек, баяндалатын мәселеге тіке қатысы жоқ артық мәліметтерді жазу қажет емес.

Жұмыста жалпы қолданудағы қысқартуларды, шартты белгілерді ғана пайдалануға болады. Егер де жұмыста бір ұзын атауды жиі қолданса, өз қысқартулары мен белгілерді қолдануға болады, онда жақша ішінде немесе толық атауын бірінші жазғанда сілтеу жасалады.

Жұмыста пайдаланылған (қайталап жазылған) басқа авторлардың сандық мәліметтері, қорытындылары, ойлары міндетті түрде грамматика мен биография ережелеріне сәйкестендіріліп әдебиет көздеріне сілтеумен жазылады. Басқа авторлардың ойлары мен қортындыларын қайталап жазу сол тұжырымды бұзбай жасалуы қажет.

Пайдаланылған әдебиет пен мәліметтердің басқа көздерінің тізімі келесі ретте жасалады:

1. Мұнайды, газды зерттеген академиктердің еңбектері;
2. Авторлар фамилиясы немесе аттарының алфавиттік реті бойынша арнайы әдебиеттер;
3. Мұнай базасына арналған терминдер сөздігі;
4. Нормативті құжаттар мен мұнай өндірістеріндегі нақты мәліметтер;

Дипломдық жұмысты аяқтаудың соңғы сатысы болып оның сыртын безендіру болып табылады. Жұмыстың беттері оң жақ және төменгі шеттері бойынша теңестіріліп, түптелу керек. Сыртқы қабындағы жазу титул бетінің текстін қайталайды.

4. Дипломдық жұмыстың беттерін номерлеу

Дипломдық жұмыстың беттерін, дипломдық жұмыстың бүкіл мәтіні бойынша қатар номерленуін сақтай отырып, араб цифрларымен номерлеу қажет. Беттің номері парақтың төменгі бөлігінің ортасына нүктесіз қойылады.

Титул беті дипломдық жұмыстың тапсырма, мазмұны кіріспенің бірінші бетін беттердің жалпы номерленуі кіргізеді. Титул бетіне дипломдық жұмыстың тапсырмасында, мазмұнында беттердің номері қойылмайды.

Бөлімдер қосымшадан басқасы барлық мәтін шегінде ретімен номерленеді. Мысалы – 1,2,3.

Бөлімшелер әрбір бөлім шегінде ретімен номерленуі қажет. Бөлімшелер номері бөлім номері мен бөлім ішіндегі бөлімшенің реттік номерінен тұрады.

Мысалы: 3.1 – үшінші бөлімнің бірінші бөлімшесі.

а) Бөлім 1,

Бөлімше 1.1,

Пункт 1.1.1,

Подпункт 1.1.1.1.

Жекелеген беттерге орналастырылған иллюстрациялар мен кестелер дипломдық жоба беттерінің жалпы номерленуіне кіреді.

Тараулар, тақырыптар мен тақырыпшаларды номерлеу

Дипломдық жұмыстың тараулары шегініс жасап жаңа жолдан жазылады және нүктесіз араб цифрлары мен белгіленеді, бүкіл жұмыс шегінде реттік номерлері болуы тиіс. Тақырыптар мен тақырыпшалардың әрбір тараулар шегінде номерлері болуы қажет. Тақырып номері нүктемен бөлінген. Тараулардың және тақырыптардың номерлерінен тұрады. Тақырып номерінің соңынан нүкте қойылмайды. Тараулар мен тақырыптар бір немесе бірнеше тақырыпшалардан тұруы мүмкін.

Әрбір тізім атаудың алдынан дефис немесе құжат мәтінінде сілтеме жасау қажет болған кезде тізім атаудың біріне сандар жазылып, соңынан жақша қойылады.

5. Дипломдық жұмысты орындау

Дипломдық жұмыстың кезеңдері

Дипломдық жұмыс келесі қадамдарды қамтиды:

1. Тақырып таңдау.
2. Таңдалған тақырып бойынша әдебиеттерді іріктеу, зерттеу және талдау.
3. Дипломдық жұмыс жоспарын жасау.
4. Нормативтік талаптарды зерттеу.
5. Материалды жинау және жүйелеу.
6. Дипломдық жұмыстың мәтінін жазу.
7. Жұмысты талдау және композициялық және түстік шешімдерді ұсыну.
8. Жұмыстың шешімдерді енгізудің технологиялық аспектілерін таныстыру.
9. Қорытынды жасау.
10. Куратордың ескертулеріне негізделген теориялық бөлікке түзетулер жасау.
11. Библиографиялық және басқа көздер тізімін жасау.
12. Дипломдық жұмысты безендіру

Дипломдық жұмыстың құрылымы мен мазмұны

Дипломдық жұмыстың құрылымы келесі бөліктерде ұсынылуы керек:

- бастапқы бет
- мазмұн кестесі
- кіріспе

- бөлімдерден, тараулардан және параграфтардан тұратын иллюстрациялар бар негізгі бөлігі

- қорытынды

- анықтамалар мен көздер тізімі

- қосымшалар (қажет болған жағдайда)

Кіріспе таңдап алынған тақырыптың өзектілігін ақтайды, мамандық бойынша әдебиеттердегі мәселелерді зерттеуге арналған нұсқаулықты береді, пән мен пәнді анықтайды, пәннің ғылыми даму дәрежесін, жұмыс әдіснамасын анықтайды, жұмыстың мақсаты мен міндеттерін анықтайды. Әдетте енгізу көлемі 3 беттен аспайды.

Таңдалған тақырыптың мақсаты жалпы талданатын заттың қандай мақсатта жұмыс жайтынына тоқтала өтуі керек. Осы уақыттағы қажеттілігі мен талаптарын анықтап жазу.

Дипломдық жұмыстың практикалық бөлігі - бұл тәуелсіз жұмыс.

Тақырыптың қысқаша сипаттамасы таңдалған жұмыс туралы сипаттама.

Тарихи анықтамасы таңдалған жұмыстың шығу тарихы.

Жұмыстың орындалу кезендері жұмыста орындаған жұмысыңа рет-ретімен анықтама беру, кезендеріне тоқталу.

Қорытындыда дипломдық жұмыс тақырыбы бойынша қорытынды жасайды және қорытындылайды; зерттеудің және шығармашылық жұмыстың міндеттерінің қаншалықты шешілетінін көрсететін жобаны әзірлеудің және қорытындылардың бар болуы; практикалық құндылықты көрсетеді және курстық жұмысты іс жүзінде енгізу үшін ұсыныстар жасайды. Әдебиет, қосымша әдебиеттер тізімі, мерзімді басылымдар және интернет-ресурстардың тізімін қоса алғанда, қолданылған әдебиет көздері бар.

Мәтіндерді, фактілерді және басқа да нақты деректерді пайдалану студенттің толық шығу деректерімен (автордың толық аты, кітабының атауы, мақаласы, жылы және орны, баспагері) пайдаланылған көзді көрсетуі тиіс. Қажетті сілтеме және иллюстрациялық материалдар қосымшаларда ұсынылуы керек.

Дипломдық жұмыс – кестелер, суреттермен бірге 25-35 беттен тұрады.

6. Пайдаланылған әдебиеттер тізімін көрсету, мәтіндерге сілтеме жасау

Дерек көздері туралы мәліметті дипломдық жұмыстың мәтініндегі дерек көздеріне сілтемелер жасаудың реті бойынша орналастыру керек және жаңа жолдан кейін араб сандарымен нүктесіз номерленеді.

Тұтас құжатқа немесе оның бөлімдеріне және қосымшаға сілтеме жасау көзделеді. Стандарттар мен техникалық шарттарға сілтеме жасау кезінде

олардың белгіленуі ғана көрсетіледі, бұл ретте пайдаланылған дерек көздері тізімінде стандарт толық сипатталған жағдайда олардың бекітілген жылын көрсетуге рұқсат етіледі.

Пайдаланылған дерек көздеріне сілтемелер квадратты жақшаға алынады. Мысалы, [2,б.17].

Газеттердегі ақпараттарды пайдалану кезінде квадрат жақшаларда дерек көзінің номерін ғана көрсетуге болады, мысалы, [7].

Қосымша.

Қосымшалар осы курстық жұмыстың жалғасы ретінде келесі парақтарына рәсімделеді.

Жұмыс мәтінде барлық қосымшаға сілтемелер берілуі тиіс. Қосымшалар мәтіндегі сілтемелердің ретінде қарай орналасады.

Әрбір қосымша жаңа беттен басталып, «Қосымша» сөзі мен атауы беттің жоғарғы жағының ортасында көрсетілуі тиіс және ол курстық жұмыс жазылған тілге сәйкес белгіленеді.

Қосымшаның аты болуы тиіс, ол бас әріптермен жеке жолдан мәтінге қатыстысимметриялы түрде (ортасынан) жазылады.

Егер дипломдық жұмыста бір қосымша болса, онда оны белгілемеуге жол беріледі.

Дипломдық жұмыстың терминдердің, шартты белгілердің және жалпыға бірдей қабылданған қысқарған сөздердің біріңғай атаулары сақталады (мысалы, ҚР – Қазақстан Республикасы)